



**ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАЛАЙ
ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ?**

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



**АРМАНЫМДЫ
АСҚАҚТАТҚАН**

4-БЕТ | АСТАНА – 25



**СУ ТАПШЫЛЫҒЫ
ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ?**

6-БЕТ | САРАПТАМА



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

**МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТТЫ
ЖАН-ЖАҚТЫ ОЙЛАСТЫРЫП ЖҮРГІЗУ
КЕРЕК. ҚАЗІР БҰЛ САЛАНЫ ӨРКЕНДЕТУ
ҮШІН ЖАҢА ТҰЖЫРЫМДАМА ЖАСАЛЫП
ЖАТЫР. БҰЛ ҚҰЖАТ ЕЛІМІЗДІҢ МӘДЕНИ
МҰРАСЫН САҚТАУ, НАСИХАТТАУ ЖӘНЕ
ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ НЫҒАЙТУ ІСІНДЕ
ШЕШУШІ РӨЛ АТҚАРАДЫ ДЕП СЕНЕМІН.**

№59
(4492)
Сенбі
20 мамыр
2023 жыл



АСТАНА

**ELORDA
AQPARAT**
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



БАЙҚАУДА БАҚ СЫНАҒЫЗ

Астанада «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық турына қатысу үшін өтінім қабылдау басталды.

Байқауға қатысу үшін өтінімдерді, қажетті құжаттармен қоса, арнайы нысан бойынша (PDF форматында) 15 маусымға дейін merelyli.otbasy2023@mail.ru электронды поштасына жолдау қажет.

Қалалық турға қатысу бойынша толық ақпаратты келесі телефондар арқылы білуге болады: 8-7172-55-67-08; 8-7172-55-67-01.

Конкурс отбасы институты, адамгершілік, руханиятты нығайту, жауапты ерлі-зайыптының маңызын тану; ата-ананың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру; отбасы құндылықтарын, кәметке толған балаларының еңбекке қабілетсіз және егде жастағы ата-анасына қамқорлығын дәріптеу және кеңінен насихаттау; қазақстандық отбасының жағымды имиджін насихаттауға бағытталған.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы 2014 жылдан бері өткізіліп келеді.



23 мамырдан бастап «Fly Arystan» авиатасымалдаушысы Airbus-320 үлгісіндегі әуе кемелерінде аптасына 2 рейс жиілігімен, атап айтқанда, сейсенбі және сенбі күндері Астана-Анкара бағыты бойынша тікелей тұрақты жолаушылар рейсін ашады.

ЕЛОРДА – МӘДЕНИЕТ ОРДАСЫ

Ертең – елімізде Мәдениет және өнер қызметкерлері күні. Биыл 25 жылдығын атап өтетін елордамыз – мәдениетімен де асқақтап тұрған қала. Ерке Есілдің жағасында жайғасқан бас қаламызда сәулеті мен дәулеті жарасқан қаншама мәдениет ошағы бой көтеріп, әлемдік деңгейдегі өнерпаздары да қанат қақты.

8

Биыл маусым айында қазақстандықтар әдеттегі демалыс күндеріне қосымша тағы бір күн демалыс алады.

МАУСЫМДА ҚАНША КҮН ДЕМАЛЫС?

Қазақстандықтар үшін 28 маусымға келетін Құрбан айтта қосымша демалыс беріледі.

Бес күндік жұмыс аптасында демалыс күндері келесі күнге сәйкес келеді: сәрсенбі 28 маусым – демалыс, 29, 30 маусым – жұмыс күндері.

Алты күндік жұмыс аптасына: 26, 27 маусым жұмыс күндері – жұмыс, 28 маусым – демалыс күні, 29, 30 маусым және 1 шілде – жұмыс күндері.

1000 АСТАНАЛЫҚ ӘСКЕРГЕ АТТАНДЫ

Биылғы көктемгі әскерге шақыру науқанында Қазақстан Қарулы күштері қатарын 1000 астаналық толықтырды.

Астана қаласы коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Астана қаласы Қорғаныс істері департаментінің өкілі Гани Артықов әскерге шақыру науқаны туралы мәлімет берді.

«Биыл 1 наурыздан бастап Қарулы күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың қатарын әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатуға негіз жоқ, 18 бен 27 жас аралығындағы 1004 астаналық ер-азамат толықтырады» деді департамент өкілі.

Бүгінгі таңда тиісті шақырушылардың жартысынан көбі әскер қатарында қызмет атқаруға кіріссе, басқалары 1 шілдеге дейін аттанады.




ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 486.53 \$ USD/KZT 445.99 ₸ RUB/KZT 5.78 ¥ CNY/KZT 64.16

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



СИАНЬ САММИТІНДЕ НЕ АЙТЫЛДЫ?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бірінші «Орталық Азия-Қытай» саммитіне қатысты. Мемлекет басшысы өз сөзінде алғашқы «Орталық Азия-Қытай» саммиті өте маңызды тарихи оқиға екенін атап өтті. Президент іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырғаны және дәстүрлі қонақжайлығы үшін Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинге алғыс айтты. Ол бүгінде Қытай әлемдік держава ретіндегі өзінің мәртебесін нығайтып келе жатқанын және жаһандық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісінде маңызды рөл атқаратынын, экономикалық және технологиялық дамудың қозғаушы күші екенін атап өтті.

«Қытай – әлемдегі ірі инвестор және жаһандық экономиканың көшін бастап тұрған мемлекеттердің бірі. Сондықтан Қытаймен жан-жақты ынтымақтастықты нығайту Қазақстанның орнықты дамуына мүмкіндік береді. Орталық Азия елдерінің әлеуетін Қытайдың орасан зор экономикалық қуатымен ұштастыру біздің көп қырлы серіктестігімізге тың серпін береді. Қазақстан осы мақсатқа жету үшін бар күш-жігерін жұмсауға дайын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы тәуелсіздік жылдарында елімізге 350 миллиард доллардан астам инвестиция тартылғанын айтты. Соның 23 миллиард доллардан астамы – Қытайдың еншісінде. Президент Қытаймен инвестиция саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға әзір екенін жеткізді.

«Кеше мемлекеттік сапарымын аясында инвестициялық форум өтті. Жиында жалпы құны 22 миллиард доллар болатын бірқатар келісімге қол қойылды. Қазақ тарапы бұл келісімдерді жүзеге асыру үшін бар күш-жігерін жұмсауға дайын. Географиялық жағдайымызды ескерсек, біздің еліміз аймақтың және тұтас құрлықтың маңызды көлік-логистика осы аймақтағы елдердің Қытаймен ынтымақтастығын нығайту үшін өзінің экономикалық және логистикалық әлеуетін жұмылдыруға әзір. Осыған орай, Қазақстан достас Қытаймен ынтымақтастықты нығайту үшін өзінің сауда-экономикалық және логистикалық әлеуетін іске қоса алады. Елдеріміздің сауда-саттық көлемі 31 миллиард долларға жетті. Төраға Си Цзиньпинмен бұл көрсеткішті 40 миллиардқа дейін жеткізу жөнінде уағдаластық» деді Президент.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы аймақтағы ел басшыларының бірлескен күш-жігерін талап ететін ынтымақтастықтың басым бағыттарын айқындады. Ең алдымен, тауар айналымының көлемін арттыру мәселесі қозғалды.

«Соңғы жылдары Орталық Азия елдерінің экономикалық қарым-қатынасы жаңа деңгейге көтерілді. Былтыр Қазақстанның осы аймақтағы мемлекеттермен алыс-берісі 19 пайызға өсті. Яғни 8 миллиард доллар болды. Алдағы уақытта бұл көрсеткішті 15 миллиардқа дейін жеткізуді көздеп отырмыз. Аймақтың Қытаймен сауда-саттығы да қарқынды дамып келеді. Былтыр бұл көрсеткіш 70 миллиард долларға жетті.

Оның 45 пайызы (31 млрд доллар) Қазақстанға тиесілі. Қытай мен Орталық Азия арасындағы тауар айналымын 2030 жылға қарай 100 миллиард долларға жеткізуге барлық мүмкіндік бар. Осы ретте, тауар түрлерін көбейту арқылы экспортты ұлғайту маңызды. Мысалы, Қазақстан шикізатқа жатпайтын 135 түрлі тауардың Қытайға экспортын көбейте алады. Қазақ-қытай шекарасындағы «Қорғас» халықаралық сауда орталығы пандемияға байланысты үш жыл тоқтап тұрды. Өткен айда оның жұмысы қайта жанданды. Орталық Азия мемлекеттерін осы сауда-логистика хабының әлеуетін бірге пайдалануға шақырамын. Бұл әсіресе Қытаймен ортақ шекарасы жоқ мемлекеттер үшін аса маңызды. Біз қытайлық инвестициялық серіктестермен бірлесіп, шекарада екінші құрғақ порт салуды жоспарлап отырмыз. Осы саладағы тәжірибені ескере отырып, бұл портты жаңа талапқа сай жасаймыз» деді Президент.

Президент көлік-логистика инфрақұрылымын дамытуды тағы бір басым бағыт деп санайды. Оның айтуынша, осыдан он жыл бұрын Астанада Төраға Си Цзиньпин «Бір белдеу – бір жол» мегажобасының тұжырымдамасы жария етті. Содан бері бұл бастаманың тиімділігіне және қажеттігіне бүкіл әлем көз жеткізді.

«Қазақстан – Қытайдың жақын көршісі әрі сенімді серіктесі. Сондықтан «Бір белдеу – бір жол» жобасына атсалыса береді. Осы орайда қазақ-қытай шекарасында үшінші темір жол өткелін ашу маңызды қадам болмақ. Транскаспий халықаралық көлік дәлізі «Қытай – Орталық Азия – Еуропа» бағдарының негізгі бөлігі саналады. Бүгінде осы бағыттың стратегиялық маңызы арта түсті. Біз оның көлік өткізу мүмкіндігін кеңейте береміз. Ол үшін цифрлық тәсілдерді енгізіп, инфрақұрылымды жаңғыртамыз. Қытай сыртқа өте көп жүк жөнелтеді. Осы бағыттың әлеуетін толық пайдалану үшін бірлесіп жұмыс істеуіміз қажет деп есептеймін. Біз қытайлық серіктестермен бұл салада өзара тиімді ықпалдастық орнатуға мүдделіміз. Каспийдегі теңіз порттарының мүмкіндігін кеңейту ісіне атсалысуға шақырамыз. Порт қызметін цифрландыру және жүк кемелерін жасау үшін бірге жұмыс істеуге дайынбыз. Сондай-ақ «Қазақстан – Түрікменстан – Иран» темір жолы біздің елдерімізге зор мүмкіндік береді» деді Мемлекет басшысы.

Президент өнеркәсіп, энергетика саласындағы ынтымақтастықты нығайту керек екенін атап айтты. Мемлекет басшысы трансшекаралық су ресурстарын тиімді пайдалану мәселесін ынтымақтастықтың басым бағыты ретінде атап өтті. Президент Орталық Азия елдерінің тұщы су тапшылығына ұшырау қаупі жоғары деп санайды. Біріккен Ұлттар Ұйымының дерегіне сәйкес, 2050 жылға қарай 5 миллиардтан астам адам ауызсуға мұқтаж болуы мүмкін.

«Климаттың өзгеруіне байланысты біздің аймақтың басты су көзі саналатын мұздықтар да күрт азайып барады. Осы жағдай Орталық Азияның азық-түлік, энергетика және экология қауіпсіздігіне едәуір қатер төндірді. Сондықтан бірлесіп шұғыл шаралар қабылдауымыз қажет. Су ресурстарын өзара келісіп, ұтымды пайдалану біз үшін өте маңызды. Суды үнемдеп жұмсауға және жер суаруға қатысты тиімді цифрлық тәсілдерді қолдануға енгізудің орны бөлек. Қытай бұл салада зор табысқа жетті. Сол үшін Қытаймен бірге су шаруашылығы саласына жаңа технология енгізу жоспарын әзірлеуді ұсынамын» деді Президент.

Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы, мәдениет және білім ынтымақтастығын, сондай-ақ туризмді дамыту мәселесіне де назар аударды. Оның айтуынша, жеке адамдардың қарым-қатынасы мемлекетаралық байланыстарды нығайтуға септігін тигізеді сөзсіз. Осы мақсатта Қазақстан мен Қытай азаматтарының екі ел арасында 30 күнге дейін визасыз жүруіне мүмкіндік беретін үкіметаралық келісімге қол қойылды. Бұл құжат іскерлік байланыс аясын кеңейтіп, туристер легін арттыруға ықпал етеді.

«Орталық Азия елдерінің мәдениеті бай, көрікті жерлері де көп. Соның бәрі қытайлық туристер үшін қызықты болары анық. Осы орайда мен «Жібек жолы» туристік операторларының тізімін жасауды ұсынамын. Топтық турлар үшін визасыз режим енгізіп, бірыңғай туристік кластер құру қажет. Сол кезде қытай туристері бір сапарда Орталық Азияның бірнеше еліне бара алады. Аймақтар арасындағы ынтымақтастық мәдени-гуманитарлық байланысты нығайтуға ықпал ететіні сөзсіз. Мысалы, шаһарларымыздың өзара бауырлас қала атануы өте маңызды. Кеше Шымкент пен Сиань қалалары және Солтүстік Қазақстан облысы мен Шыаньси аймағы арасында ресми түрде

бауырластық байланыс орнады. Сиань қаласында Қазақстанның Бас консулдығы ашылады. Бұдан бөлек, білім беру және ғылым саласындағы ықпалдастықты нығайту керек. Жастарымыздың тұрақты байланыста болғаны абзал. Біз білікті маман даярлау ісіне және адам капиталын дамытуға баса мән береміз. Қазақстанда әлемдегі үздік техникалық университеттердің бөлімшелерін ашуға күш салып жатырмыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент аймақтың қауіпсіздігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету басты міндеттің бірі екенін атап өтті.

«Қазақстан да Қытайдың Орталық Азияға қатысты жүргізіп отырған бейбіт сыртқы саясатын құптайды. Біз Бейжіңнің тұрақты дамуға және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған бастамаларын қолдаймыз. Орталық Азияның қашанда ынтымағы жарасқан, жасампаз аймақ ретінде дамығынын қалаймыз. Осы өңірді геосаяси текетірес алаңына айналдыруға қарсымыз» деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қытайға мемлекеттік сапары аясында Қазақстан Республикасының Сиань қаласындағы Бас консулдығының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты. Президент консулдық ғимаратында Қытайға жасаған мемлекеттік сапарын қорытындылап сөз сөйледі. «Төраға Си Цзиньпинмен өте мазмұнды келіссөздер жүргіздік. Сондай-ақ бірлескен мәлімдеме жасалды, бірқатар маңызды келісімдерге қол қойылды. Шынығанда, бұл сапар қазақ-қытай ықпалдастығының «30 жылдық алтын дәуірін» бастады деуге болады. Әрине, бұл сапардың мән-мағынасы ерекше. Бүгін – Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығы үшін тағы да бір аса маңызды әрі тарихи күн. Біз Сиань қаласында Қазақстанның Бас консулдығын ашқалы тұрмыз. Бүгінде Сиань – «Бір белдеу – бір жол» экономикалық белдеуінің маңызды бекеті. Шэньси өлкесі және Сиань қаласы Қазақстанмен тығыз байланыс орнатқан. Солтүстік Қазақстан облысымен және Шымкент қаласымен бауырластық қатынас туралы келісімге қол қойылды. Бұл шаралар екі ел арасындағы барыс-келісті жандандыра түсері сөзсіз. Бас консулдық осы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға үлес қосады деп сенемін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Руслан ЖЕЛДІБАЙ,
Президент Әкімшілігі
басшысының орын-
басары – Президенттің
баспасөз хатшысы:



СУ ҮНЕМДЕУДЕ ҚЫТАЙ ТӘЖІРИБЕСІН ҚОЛДАНУҒА БОЛАДЫ

– Су мәселесі – Қазақстанның халықаралық ұйымдар, өңірлік және екіжақты кездесулерде ұдайы көтеріп келе жатқан тақырыбы. Соның ішінде трансшекаралық өзендер және су қауіпсіздігі мәселесі Сиань саммитінде талқыланды. Себебі бұл – Орталық Азия елдері үшін өзекті сұрақ. Президентіміз аталған мәселе бойынша шұғыл шешімдер қабылдау қажет деп санайды. Өйткені Орталық Азия су тапшылығына ұшыраса, бұл аймақтағы азық-түлік, энергетикалық және экологиялық қауіпсіздікке айтарлықтай қатер төндірді. Қытай мен Қазақстан арасында 20-дан астам ірілі-ұсақты трансшекаралық өзен бар, оны бірлесіп пайдалану жөнінде комиссиялардың жұмысы жалғасады. Мемлекет басшысы суды үнемді пайдалануға және ирригацияға қатысты тиімді цифрлық шешімдерді дәйекті түрде қолдануға енгізу үшін осы салада айтарлықтай табысқа жеткен Қытай тәжірибесін зерттеп, қолдануға болады деп есептейді.

Қытаймен арадағы визасыз режим қызу талқыланып жатқаны рас. Бұл жерде бірнеше мәселенің басын ашып алу керек. Ең алдымен, Қытай аза-

маттары былтырдан бері елімізге визасыз 14 күнге келе алады. Екіншіден, бұл – туризм мен іскерлік байланыстарды арттыру үшін жасалған қадам. Яғни ешбір Қытай азаматы 30 күннен артық Қазақстанда жүре алмайды. Жұмысқа орналасу үшін арнайы жұмыс визасы керек. Ал шетелдік жұмысшыларға берілетін квота саны қатаң бақыланады. Быыл бар болғаны 22,2 мың ғана квота бөлінді. Ол – еліміздегі барлық жұмыс күшінің 0,24 пайызы ғана. Сондықтан ондай үрей, алаңдаушылық орынсыз. Жалпы, визасыз режим екі елдің де азаматтарына қолайлы. Бұл шағын және орта бизнестің, әсіресе, қызмет көрсету саласының дамуына түрткі болады. Туризмді, екі ел азаматтары арасындағы іскерлік байланыстарды нығайтуға септігін тигізеді. Сондай-ақ қандастарымыз екі ел арасында еркін жүріп-тұра алады. Бұрынғыдай енді елшілік алдында сағаттап кезекте тұрудың, жеке компанияларға виза алып беру үшін ақша төлеудің қажеті жоқ. Жалпы, визасыз режим тек Қытаймен ғана емес, Еуропалық Одақпен де енгізілсе деген жоспар бар. Сыртқы істер министрлігі бұл бағытта белсенді жұмыс істеп жатыр.



Ерсұлтан ЖАНСЕЙТОВ,
Әлемдік экономика және саясат институтының сарапшысы:

БИЗНЕСТІ ДАМУҒА СЕРПІН БЕРЕДІ

– Қытай Қазақстанның көлік-логистикалық мүмкіндігін қызығушылық танытып отыр. Атап айтқанда, ол ел Ресей арқылы өтетін бағыттан бөлек, Транскаспий дәлізіне назар аударуы мүмкін. Ресей мен Қытайдың арасындағы тауарлардың көбі біздің еліміз арқылы өтеді. Бұл үш мемлекет аса маңызды транзиттік серіктес болып отыр. Қазір Солтүстік дәлізге басымдық беріледі, яғни Қытайдан Қазақстанға бұдан әрі Ресей, одан кейін Еуропа елдері. Сонымен қатар, қазір біз үшін Транскаспий бағыты маңызды. Шынын айту керек, ол жаққа көп инвестиция қажет. Егер Қытай инвестиция салса, Қазақстан үшін тиімді болады.

Қытай қазір көмірді пайдалану көлемін қысқартып, «жасыл энергетикаға» бет бұрды. Бұл ретте атом энергетикасына басымдық беріледі. Сондықтан оған қажет болатын басты ресурс – уранға сұраныс артады. Қытайға Қазақстан көбіне мұнай, Түрікменстан негізінен, газ тасымалдайды. Мұнайдан бөлек, сирек кездесетін металлдарды айта кету керек. Қазақстанда оның көп қоры шоғырланған. Қазір Қытай «жасыл энергетиканы» дамытып жатыр. Күн панелдері, жел станцияларына сирек кездесетін металлдар қолданылады. Осы тұрғыдан Қазақстан Қытай үшін перспективалы болып есептеледі. Сондай-ақ, Қазақстандағы уран қорының әлем нарығындағы үлесі – 42 пайыз. Ал Қытай қазір көмірді пайдалануды қысқартып, таза энергетикаға көшіп жатыр. Таза энергетика – атом энергетикасы. Сондықтан Қытай тарапы уран импортын ұлғайтуға қызығушылық танытады. Екі ел арасында орнаған визасыз режим Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамытуға мол мүмкіндік береді. Қазір осыған қатысты елде пікір көп. Кейбірі қауіп басым десе, енді бірі мұны пайдалы дейді. Негізі, бұл режим көбіне қазақстандықтар үшін тиімді. Біз осы елден көп тауарды импорттаймыз. Сондықтан ол қазақстандық кәсіпкерлердің Қытайға баруына зор мүмкіндік жасайды. Бұл бизнесті дамытуға серпін береді деп ойлаймын.

ҮРКЕР ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Үркер елді мекенінің тұрғындарымен кездесуде көтерілген мәселелер туралы айтты.



«Үркер елді мекенінің белсенді тұрғындарымен кездестім. Бұл елді мекенде ең алдымен кәріз және электрмен жабдықтау желісінің мәселелері шешілуі қажет. Қазір осы бағытта жұмыс жүргізіп жатырмыз» деді шаһар басшысы тұрғындармен кездесуінде.

Сол сияқты кездесуде тұрғындар жол, тротуар, әлеуметтік нысандар, аялдамалар салу, абаттандыру, жарықтандыру секілді өзге де мәселелерді көтерді.

– Мектеп мәселесі өзекті күйінде қалып отыр. Үркер елді мекенінде екі мектептің құрылысын жүргізіп жатырмыз. Оның бірі – бір ауысымды, 900 орынға арналған, екіншісі – бір ауысымды, 2000 оқушы орны. Аталған мектептерді 2024 жылы қолданысқа беру көзделген. Биыл дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынып, пайдалануға беріледі. Көтерілген мәселелерді шешу бойынша орындау кестесін әзірлейміз. Жұмыс кезең-кезеңімен жүргізіледі, – деді Жеңіс Қасымбек.

УӘДЕЛЕР ОРЫНДАЛАДЫ

Amanat партиясының елордалық мәслихаттағы фракциясының Астана қаласы бойынша сайлауалды бағдарламаны іске асыру бойынша жол картасын талқылау жиналысы өткізілді.



– Amanat партиясы елордалық филиалының сайлауалды бағдарламасын іске асыруға арналған жол картасын қарастырдық. Бағдарламалық құжат елорда тұрғындарының өмір сүру деңгейін арттыруды көздейді, – деді Amanat партиясы саяси кеңесінің мүшесі және Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов. 16 басым бағыт бойынша 110

міндетті жүзеге асыру көзделген. Қарастырылған жол картасы Астана қаласы тұрғындарының маңызды мәселелерін шешуге арналған үлкен тетік болмақ. Нақты атап айтсақ, бағдарламада білім беру және денсаулық сақтау объектілерін салу, әлеуметтік сала, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды дамыту, экология, қоғамдық қауіпсіздік мәселелері-

не басымдық берілді. Әрбір бағыт бойынша мемлекеттік органдар басшыларының, сондай-ақ, партия мүшелерінің қатарынан мерзімдер мен міндеттердің орындалуына жауапты тұлғалар бекітілді. Amanat партиясы сайлауалды бағдарламасының жол картасын іске асыру мәселесі елордалық мәслихат депутаттарының тұрақты бақылауында болады.

АТАҚТЫ ХИРУРГТІҢ ЕСКЕРТКІШ ТАҚТАСЫ АШЫЛДЫ

Кеше елордада көрнекті ғалым, белгілі хирург, Астана қаласының құрметті азаматы Гилен Цойдың 100 жылдығына орай ескерткіш тақта ашылды.

Райхан РАХМЕТОВА

Салтанатты рәсімге оның туыстары, достары мен шәкірттері, Денсаулық сақтау министрлігінің басшылығы, академиктер, ғалымдар мен қоғам қайраткерлері қатысты. Одан әрі «Хирургия және медициналық білім берудің таңдаулы мәселелері» атты халықаралық конференция өткізіліп, соның аясында Қазақстанда хирургия қызметін дамыту мен медициналық кадрларды даярлаудың өзекті мәселелері талқыланды.

Астана медицина университетінде өткен жиынға Германия, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан және басқа да алыс-жақын шет елдердің хирургия саласындағы көрнекті ғалымдары қатысты.

– Университет қабырғасында шетелдік әріптестерімізбен тәжірибе алмасу, хирургия саласының даму болашағын талқылау – біз үшін ерекше мәртебе, өйткені Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері, клиникалық иммунологтар мектебінің негізін қалаушы, Қазақстан медицина ғылымдары академиясының құрметті академигі және Еуропалық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, профессор Гилен Васильевич 40 жылдан астам уақыт осы оқу ордасында еңбек ете жүріп, жоғары білікті дәрігерлер тобын тәрбиеледі. Конференция қорытындысы бұдан кейінгі ғылыми жұмыстарға негіз болатынына, хирургия қызметін одан әрі дамыту үшін тұжырымдаманы айқындайтынына және медицина кадрларын даярлау кезінде білім беру



процесін жетілдіруге ықпал ететініне сенімдімін, – деді Астана медицина университетінің басқарма төрағасы – ректоры Камалжан Надыров.

Гилен Цой еліміздің хирургия қызметі мен хирургия ғылымының дамуына зор үлес қосты. Өзінің 90 жылдық мерейтойына дейін кәсіби қызметін жалғастырды. Ол тың игеру жылдары тың игеру өлкесінің бас хирургі ретінде Ақмола облысы мен Солтүстік Қазақстанның хирургия және травматология қызметін

ұйымдастыруға белсенді қатысты.

Танымал хирург өзінің еңбек жолын 88 жасында хирургия аурулары кафедрасының хирург-кеңесшісі болып аяқтады. 77 жасқа дейін ол ота жасаумен айналысты, сонымен қатар, Целиноград облыстық ауруханасының базасында ұйымдастырылған травматология ғылыми институтында кеңесші болды. Хирургия қызметі ашылған күннен бастап басқарған ол өмірінің соңғы күндеріне дейін сол жерде кеңесші болды.

Астана қаласының коммуникациялар қызметі алаңында «Оқу жылының аяқталуы және балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру» тақырыбында Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбаев брифинг өткізді.

ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАЛАЙ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ?

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

11-СЫНЫПТЫ 9539 ТҮЛЕК АЯҚТАЙДЫ

Барлық білім беру ұйымында сабақ 2023 жылдың 31 мамырында аяқталады. Ағымдағы оқу жылында 9-сыныпты 18443 оқушы, 11-сыныпты 9539 түлек аяқтайды. 9 (10)-сыныптың қорытынды емтихандары 2023 жылғы 2-13 маусым аралығында, ал 11 (12)-сыныптың білім алушылары үшін мемлекеттік емтихандар ағымдағы жылдың 5-19 маусым аралығында өтеді. 9-сынып білім алушылары емтиханды 4 пән бойынша тапсырады:

– қазақ, орыс тілдері (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан 2 маусымда, математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан 6 маусым күні өтсе, орыс тілдерінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан 9 маусымда ұйымдастырылады.

– таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) бойынша жазбаша емтихан 13 маусымда өтеді.

11-сыныптың оқушылары үшін бітіру емтихандары ағымдағы жылдың 5-19 маусым аралығында бес пән бойынша, 5 маусымда оқыту тілдеріне қарай қазақ тілі, орыс тілі пәндері бойынша жазбаша емтихан болса, 8 маусымда алгебра және анализ бастамалары пәні бойынша жазбаша таурде тапсырады.

Қазақстан тарихы пәні бойынша ауызша емтихан 12 маусымда өтсе, қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті, орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша жазбаша емтихандар 15 маусымда өтуі жоспарланған.

Түлектер 19 маусымда таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, дүние жүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет, шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) бойынша жазбаша емтихан тапсырады.

11-сыныптың емтихан материал-



дары әрбір білім беру ұйымына электронды форматта бірінші басшының электронды поштасына емтихан өткізілетін күні сағат 7:00-де жіберіледі.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС ҚАЛАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ?

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру ерекше бақылауда. Астана қаласының әкімдігі жазғы каникул – демалыс кезінде балалардың бос уақытын тиімді пайдалану жұмысы биыл екі бағыт бойынша жүргізілетінін айтты. Біріншісі – балаларды және жасөспірімдерді сауықтыру, екіншісі – демалыс және жұмыспен қамту бағыты.

Ағымдағы жылдың жазғы кезеңінде жазғы демалыстың барлық түрімен 197869 оқушы немесе 1-10-сынып оқушыларының жалпы санының 98 пайызы (186184, 11-сыныпты есептемегенде) қамтылады. 85 білім беру ұйымдарында бастауыш сынып балаларына арналған мектеп жанындағы лагерлер ұйымдастырылады (88355 бала).

«Арман» және «Боровичок» спорт-сауықтыру лагерлерінде 2800 бала, оның ішінде 2050 жетім және көпбалалы, аз қамтылған отбасыдан шыққан балалар демалады.

Астана қаласында 96 мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп бар. Жазғы шомылу кезеңінде көмелетке толмағандар арасында жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында Астана қаласының акваториясында Төтенше жағдайлар департаменті және ювеналды полиция қызметкерлерімен бірлесіп, ата-аналар мен балалар арасында тұрақты негізде түсіндіру жұмысы жүргізіледі.

ҚАЙ КӨШЕ УАҚЫТША ЖАБЫЛАДЫ?

Елордалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы Ғұмар Қараш пен Біржан сал көшелерінде жол төсеміне жөндеу жұмысын жүргізуде. Жұмыс жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік полиция басқармасының келісімі бойынша ұйымдастырылды.

Мәселен, Ғұмар Қараш көшесі бойында Әзірбайжан Мәмбетов көшесіне Республика даңғылына дейінгі учаскеде орташа жөндеу жүргізілуіне байланысты 19-21 мамыр аралығында бұл учаскеде қозғалыс ішінара жабылса, 22-25 мамыр аралығында көлік құралдары үшін қозғалыс толығымен тоқтатылады.

Сонымен қатар, Біржан сал көшесі бойында Гете көшесіне дейін жөндеу жұмысы үздіксіз жүргізілетін болады. 19-23 мамыры аралығында осы учаскелердегі қозғалыс ішінара жабылады.

Елорда тұрғындары мен қонақтары қала жолдарында кептеліс



болдырмас үшін қозғалыс бағытын алдын ала жоспарлауы қажет.

Отанымыздың жүрегі Астанаға биыл – 25 жыл! Елорданың қалыптасуына үлес қосып, астананың тұсаукесерін өткізудің басы-қасында жүрген, қазақ музыка өнерінде өзінің ерекше қолтаңбасы бар талантты композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Астана қаласының құрметті азаматы Төлеген Мұхамеджановпен арнайы жолығып, сұхбаттасқан едік.

ӨНЕРГЕ ЖАНКЕШТІЛІК ҚАЖЕТ

– Төлеген Мұхамеджанұлы, сіз Астана қаласы әкімінің орынбасары болып тұрған кезіңізде талай игі бастамаға мұрындық болдыңыз. Жаңадан жапырақ жайған жас қаланың мәдениетін түлетуге қандай қадамдар жасалды, елорда мәдениетінің кешегі тыныс-тіршілігі мен бүгінгі туралы қандай оқиғаларды атап айтар едіңіз? Ақмолаға келген алғашқы әсеріңізбен бөліссеңіз.

– Еліміздің астанасына 1998 жылы 5 қаңтарда келдім. Алдымен қала әкімі Әділбек Жақсыбековпен жүздесіп, алдағы жұмыс асадырымен таныстым. Әділбек Рысқелдіұлы «Президенттің арнайы шақыруымен келдіңіз, іске сәт, қош келісіз!» деп қандай даурамды қолдайтынын білдірді, сосын отырып өтініш жаздым. Қала енді астана болып жатқан қым-қуыт кезең, шаруа деген бастан асады, оның жылдамдығына ілесу де оңай болған жоқ. Әлі жеке кабинетім жоқ, бір бөлмеде өтініш жазып отырсам, маған тұрғындар қабылдауыма келгенін хабарлады. 3 айел адам кірді. Оның бірі Айман Мұсақожаева еді. Қабылдауыма келген жандардың өтініш-тілегін тыңдай отырып, жылдам шешім, жедел қадам жасау қажет болды. Айманның идеясы жаңа астанада музыка академиясын ашу еді. Ұсынысты қала әкімдігі қолдап, Үкімет тиісті қадам жасап, нәтижесінде музыка академиясы ашылды. Қазір ол Қазақ ұлттық өнер университетіне айналды. Сол қаңтар айында Президент Әкімшілігінде алдағы 10 маусымдағы астананың халықаралық тұсаукесеріне байланысты жиын өтіп, дайындық жұмысы сөз болды. Әрине, оны ұйымдастыру қала әкімдігіне жүктелгендіктен, бұл үлкен жауапкершілік екенін түсіндік.

Ол кезде қала әкімінің орынбасары лауазымында жұмыс істеп жатырмын. Бұл сол кездегі қиындықтармен басталған біздің жанкешті еңбегімізді, таңның атысынан күннің батысына дейін қаланы қалайда көркейтуді, мәдени ошақтарды ашуға ұмтылған жұмысымызды көрсетеді. Қазір барлық жағдай бар, отыр да, жұмысыңды істей бер – көрдіңіз бе, бұрынғы мен қазіргіні тіпті салыстыруға келмейді, осындай қиын сәттерден жүдырықтай жұмыла жұмыс істеу арқылы абыроймен шықтық. Ауыртыпашылығы мен жауапкершілігі зор жүкті абыроймен атқаруға тырыстық. Таза өнер адамы болғандықтан, оған дейін мен лауазымды қызметте болған емеспін, бірақ астананың мәдениетін көтеруге ел басшысының таңдауымен келдім. Шенуенік болу оңай емес, күніне пәленбай қағаз алдына келеді, жас қаланың қаншама өзекті проблемасы алдынан өтеді. Әрбір құжаттың мұқият қаралып, дұрыс



АСТАНАНЫҢ РУХЫ, ЖАНЫ – ОНЫҢ АДАМДАРЫ

шешім қабылдануына жауапты болғандықтан, көтерер жүк те жеңіл болмады. Кейін уақыт өте келе бәрі де бір ізге түсіп, шаруалар реттеліп, қалыптаса бастадық. Осы кезеңде қазақ өнерінің дамуына ерекше көңіл аудардық.

Әлі есімде, қаңтар айында ең алғаш қазақ ұлттық аспаптары оркестрінің дайындығына қатыстым. Ескі, іші суық клубта отырған оркестрдің әртістері кірпіштердің үстінде отырып, ноталарын кірпіштің үстіне қойып дайындалып жатыр екен. Бас дирижері Мырзағали Айдаболов есіктің орнында шүберек ілінген, ар жағында керуегі бар, сондай жағдайда жұмыс істеді. Соған қарамастан, әртістеріміз күндіз-түні дайындығын тастамай, сәуірдің 15-інде Жастар сарайында алғашқы концертін өткізіп, оркестрдің тұсаукесерін жасадық. Ол кезде астанада филармония ұжымы атымен болған жоқ, сөйтіп жұмысты жанкештілікпен жасадық.

ТАЛАНТТАРДЫ ТАНЫТҚАН ФЕСТИВАЛЬ

– Елордада мәдени ошақтардың ашылуы, зиялы қауымның еліміздің астанасына табан тіреуі, тағы қандай іс-шаралар есте ерекше қалды? Таза өнер адамының саясатқа келуі мәдениетіміздің алға басуына септігін тигізе алды ма, қазір қалада руханиятқа, классикалық өнер туындыларына лайықты мән беріліп жүр деп айта аласыз ба?

– Әрбір бастаманың басы-қасында жауапты адамдар болуы керек және оны мен жалғыз жасадым деп те айта алмаймын, мәдениетке жауапты тұлға ретінде Алматыдан Тілеуғали Қышқашбаевты шақырдым, Қарағандыдан филармонияға Бекболат Байсағатов келді, бірте-бірте арманымыз жүзеге аса бастады. Музыка академиясы ашылып, оған ұстаздарды шақырдық, студенттер келе бастады, әлеуметтік нысандар – мектептер, балабақшалар мәселелері алдымызда тұрды. Қаладағы 220 мың халықтың 17 пайызы ғана қазақ саналатын астанада тек бір ғана қазақ мектебі болды, ол – №4 қазақ мектебі. Жаңадан тәй-тәй басқан қалада қиындық көп болды, бірақ адамдардың талпынысы, жігері, ұмтылысы ерекше болғанын көрдім, мақсат қойса қол жеткізуге болатынын ұғындым сол кездері.

Қазір бәрі жеткілікті, жағдай бар, жаңа астанамен мүлде салыстыруға келмейтін еді. Жаңа Астана – Жаңа Қазақстанды

құрғанмен бірдей болғанын айтуымыз қажет. 7 жыл осы қызметті атқардым, күн демей, түн демей жұмыс істегенімізді білемін. Осы жылдары мен қызметтегі ісім қауырт болғандықтан, өнердегі шығармашылығым баяулап қалды, оны уақытша ысыруға тура келді. Келгеннен кейін, 7-8 айдан кейін өнерлі жастардың халықаралық «Шабыт» фестивалін алғаш ұйымдастырып, жасадық. Осындай байқауларға мыңдаған өнерлі жас қатысып, мықтыларын іріктеп, осында баспана алуына жәрдемдік. «Шабыт» фестивалі арқылы қаншама ақын, жазушы жастар, журналистер, өнер адамдары танылды, 2014 жылғы фестивалде 15 номинация бойынша жастар жүлдеге таласты, жылдан-жылға байқау кең құлашып жайып, танылмай бола түсті. Әділ қазылар мүшелерінің өзі 75-ке жетті. «Шабыт» фестивалі елорданың рухани-мәдени дамуына айтарлықтай үлесін қосты.

1999 жылы тәуелсіздік мерекесін Алматыдан бірде-бір әртіс шақырмай, тек қана астаналық өнер адамдарымен керемет өткізгеніміз естен кетпейді. Президент арнайы алғыс айтты. Бір жылдың ішінде жетістігіміз көп – қазақ ұлттық аспаптар оркестрін құрдық, симфония оркестрі жұмыс істей бастады, астанаға ішекті аспаптар квартетін алып келдік, үрмелі аспаптар оркестрін аштық – жасалған жұмысқа Президент риза болғаны соншалық, бізге былай деп тапсырма берді – енді елордада Опера және балет театрын құру керек.

Ол кезде қалада опера әншісі де, балет шебері де болмады, еш қашан жоқ, содан әуелі концерт ұйымдастырып, гастрольге Астанаға мамыр айында А.Селезнев атындағы Алматы хореография училищесінің студенттері мен ұстаздарын шақырдық. Конгресс-холл залында ұстаздармен, түлектермен, ата-аналармен кездесіп, мәселені былай қойдық: «Сіздердің алдарыңызда үлкен мақсат тұр, елордада болмаған, басталмаған опера және балет театрын жасағалы тұрсыздар, қазақ өнерін дамыту, өркендету – қолдарыңызда» деп өрімдей 16-17-дегі жап-жас балаларға бағдарымызды айқындап түсіндірдік. 2000 жылы ақпан айында Үкіметтің қаулысы шықты да, жеті айдың ішінде елордада мемлекеттік опера және балет театры ашылды. Театр шымылдығы Мұқан Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсымен, П. Чайковскийдің «Аққу көлі» балетімен, Д. Вердидің «Травятасымен» салтанатты түрде түірді. Былай қарасаң, мүмкін емес нәрсе, әлемдік танымал өнер

илері мұндай өнер ордасын ашу үшін кемінде он жыл керек, ал сіздер жеті айда опера және балет театрын аштыңыздар деп таңғалды театр мамандары. Президенттің бастамасымен басталған үлкен жұмыс, азаматтардың атсалысуы арқасында осылайша астанада өнер мерекесі салтанат құрды. Өнер ұжымы аяғынан тік тұруы үшін тәжірибелі мамандарды шақырдық, солардың қатарында Төлеубек Әлпиев бар. Симфония оркестрін құру үшін Абзал Мұхитденов шақырылды, дәстүрлі өнердің дамуына Бекболат Тілеухан үлес қосты, қаншама адам арманына арман жалғап, бізге сенім артып келді, елорданың мәдениеті күннен-күнге дами түсті, бұл салада көптеген жұмыс істелді.

Зиялы қауымнан бұл кездері депутат ретінде Әбіш Кекілбаев, Фариза Оңғарсынова, Шерхан Мұртаза, сондай-ақ жұмыс бабымен жазушы Төлен Әбдіқов келді. Жастар да көптеп келе бастады. Жасы 70-тен асқанда Қ. Қуанышбаев атындағы кішкентай театрға бас режиссер болып Әзірбайжан Мәмбетов қызметке келіп, тұратын жері болмай, театр директорының кабинетіне орналасты. КСРО Халық әртісінің жағдайы осындай болғанда, әрине, басқалары туралы айтпасақ та түсінікті. Алғашқылардың қатарында болу, табанды мақсатқа жету ешкімге оңай болған жоқ, біз солардың бәрін еңсеріп, еңсемізді тіктедік. Президенттің қолдауымен өнердегі, шығармашылықтағы 38 жасқа пәтер берілді. Олардың ішінде әнші-күйшілер, суретшілер, композиторлар, әртістер, әдебиеттегі жастар да бар еді. Ең талантты жастар баспанаға ел болды. «Шабыт» фестивалі танытқан суретші Қазыбек Әжібеков, әртіс Тұрсынбек Қабатовқа жұмыс беріп, үй алуына барынша жәрдемдестік. Осылайша елордаға келген мыңдаған адам тағдыры басқаша өрілді, олардың болашағын жақсы жағына өзгертті десек болады.

АРМАНЫМДЫ АСҚАҚАТҚАН АСТАНАМ!

– 25 жыл белесінен қарағанда елорданың ерекшелігі қайсы, кемшілік тұсы қандай, не ескерілді, не ескерілмеді?

– Мен ресми делегация құрамында Ресейдің астанасы – Мәскеу қаласына бірнеше рет бардым. Бір барғанымда маған «Душа Москвы» деген кітап сыйлады. Маған бұл идея қатты ұнады. Алдағы уақытта елорда туралы осындай керемет кітап жазылуы



Астананың рухы, жаны елорданың басты құндылығы болуы тиіс. Тұрғындарының саны 2 миллион, тіпті одан да көп бола берсін, қаланың иек артар дінгегі, тірегі астананың жан дүниесі болуы керек. Астана жанының рухани өрлеуіне, өркендеуіне бәріміз жұмыла еңбек етуіміз қажет

тиіс деп есептеймін. Астананың рухы, жаны елорданың басты құндылығы болуы тиіс. Тұрғындарының саны 2 миллион, тіпті одан да көп бола берсін, қаланың иек артар дінгегі, тірегі астананың жан дүниесі болуы керек. Астана жанының рухани өрлеуіне, өркендеуіне бәріміз жұмыла еңбек етуіміз қажет.

Парижте алғаш барғанымда Луврды көріп таңғалдым. Лувр – әлемдегі ең әйгілі және Еуропадағы тұңғыш мұражай. Ол тек қана тарихи ескерткіш ретінде ғана емес, сонымен қатар, ең танымал музей ретінде де әйгілі. Осы тамашаны көргенде «Шіркін, біздің жас балаларымызға осы әсемдікті көрсетсек, бір көргеннен талпынысы өзгерер еді!» деп тамсандым. Кейіннен жаңа жобалардың қаламызда қолға алғаны қуантты. Соның бірі Астананың Д. Қонаев көшесіндегі сулы-жасыл бульварының жасалуы арқылы көрінді. Кешкісін қыдырып жүріп, Париждегідей жақсы дүниенің бізде де жүзеге асқанына қызыға да, қуана да қарайсың. Бұл мысал мақсат қойса, қолымыздан бәрі келетінін аңғартады. Осынау әсемдікті көрген жастар арманына арман қосып, тек қана алға ұмтылмай ма?!

Мәжіліске депутаттыққа түскенімді пайдаланып, мыңнан астам адамды «Бәйтерек» монументі арқылы осы сулы-жасыл бульварын аралатқаным бар. Бұл сулулықты адамдар көруі керек, оны жылдан-жылға жаңартып, ұлғайту қажет. Насихаты дұрыс болса, осындай әсем ғимараттар, саябақтар арқылы тұрғындарды жақсы істерге тәрбиелейміз, көше мәдениеті қалыптасады. Адамдарды қоршаған ортаны қорғауға, тазалыққа үндеген

маңызды. Әрбір тұрғын қала тазалығына мән беріп, қоғамдық орындардағы заттарды бүлдірмей, сындырмай ұстауы, бір-біріне бауырндай қарауы елордалық менталитетін өзгертеді. Мәдениетті болу дегеніміз міндетті түрде фортепиано тартып, скрипкада немесе домбырада ойнау емес, мәдениет деген – адамның жүрек түкпіріндегі қоршаған ортаға ерекше көзқараспен қарауы. Әлемнің қай жерінде жүрсен де, жүрегіңнің ішінде осы қалаға деген іңкәр сезім, сағыныш жатады. Қаланы салғанда астананың жанын ұмытпауымыз қажет. Бізде де тарихқа айналар, осындай кітапқа өзек болар тақырып көп болары сөзсіз. Ең бастысы, біз неше түрлі сыннан абыроймен өтіп, жақсы келе жатырмыз. Астана қаланың жаны – тұрғындарымен мақтануы керек.

Менің де астаналық болғаным 25 жыл, бір жаққа кетсем, осы жылы ұямды сағынып тұратыным рас. Әрине, маған да оңай болмады. Семейде дүниеге келген мен бала кезімнен Алматыда тұруды армандадым, оқу оқып, жұмыс істедім, Алматыда төрт бөлмелі үйі бар адам Ақмолаға келгенде бәй жатақханада тұрып, барлық қиындықтан өттім. Келген кезде Иманғали Тасмағамбетовтің шағын пәтеріне орналастым. Кейін біздің қатарымызға Қайрат Мәми қосылды, үшеуіміз алты ай бір пәтерде тұрып, жастық шағымызға қайта оралғандай әсерде жүрдік. Сонымен қатар, осы астанаға үйренісе алмай, қайтып кеткен, я болмаса мүлде келмеген өнер адамдары да бар еді.

ТАҒДЫРЫМДЫ ӨЗГЕРТКЕН ЕЛОРДА

– Кезінде 200 мыңнан ғана асатын қалада қазір 1354435 адам тұрады, бұл дегеніңіз миллионнан аса адамның астаналық болып келуі, қалыптасуы көз алдымызда өтті, осыншама халықтың тағдырын елорда басқаша өзгертті. Тәуелсіз елдің астанасында қала сәулетімен бірге елорда мәдениеті де өсіп келеді деп негіз айта аламыз ба?

– Қазір қаланы аралап жүремін де таңғаламын, тамсанамын, жағдайы жақсарған сайын адамдардың да арманы биіктей береді, ол – зандылық. Елордадағы мәдени ошақтарға, мейрамханаларға, қоғамдық орындарға барғанда қалада әдемі киінген, білімді, білікті жастардың көбейе түскенін көріп, ылғи қуанамын. Өзім қанша жасты жетелеп, астаналық болуына себепкер болғаным қуанамын, қызығамын қазіргі жастарға. Бір кездері Жастар сарайының алдында апта сайын халыққа би кешін ұйымдастыратын амалсыздықтан туған әрекетіміз еске түседі. Қала сыртында бард әншілердің кешін ұйымдастырып, сонда түнеп жүретінбіз. Тәуелсіз ел астанасының мәдени өміріне қан жүгірту, жаңадан қоныстанған көпшілікке эстетикалық азық беру үшін барымызды салатынбыз.

Қазір көптеген әсем мәдени ошақтар жұмыс істеп тұр, қай жағынан алсақ та мақтануға тұрарлық. Ойлаңызшы, күніне Астанада оншақты концерт, түрлі мәдени іс-шара өтеді. Бұл деген керемет, ғажап қой!

Қаламызда шағын және орта кәсіп иелерінің кәсібін дамыту өте жақсы жолға қойылғанын дәмхана, мейрамханаларға Нұржамалмен барғанда байқап жүрмін. Кәсіп жасаймын деген адамға барлық мүмкіндік бар, сервис қызметі те жылдан-жылға жақсарып келеді. Әрбір адам астананың жанын жандандыруға тырысып жүр. Қарапайым халық байыса, қала экономикасы көтеріледі, ол елімізге жақсы. Бұрын дотацияда болған Астана қазір донор, ірі мегаполис саналады. Осыған қуанамын. Қала күн санап өсіп келеді.

Сұхбаттасқан
Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

500 АДАМ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Биыл елордада жалпы сомасы 15,9 млрд теңгені құрайтын 11 инвест-жобаны іске қосу көзделіп отыр. Бұл инвест жобалар сәтті жүзеге асырылған жағдайда 500-ден астам адам жұмыспен қамтамасыз етіледі. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында «Astana Invest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы» ЖШС басқарма төрағасының орынбасары Арсен Меңдіғазиев брифинг өткізді.



«Astana-Invest» АЭА. Осы арнайы экономикалық аймақтардың басқарушы компаниясы «Astana Invest» ЖШС болып табылады. Бүгінгі таңда №1 ИП өнеркәсіптік объектілерінің инвестициялық портфелі нақты салынған 100 жобаны құрайды, жалпы құны – 320,28 млрд теңге. Іс жүзінде 261 млрд теңге салынған, оның ішінде 247,08 млрд теңге сомасына 51 жоба пайдалануға берілді. Соның нәтижесінде 5 811 тұрақты жұмыс орны құрылды. Ал 49 жоба іске асыру сатысында тұр, олардың жалпы құны 73,2 млрд теңгені құрайды. Бұл инвест жобалар сәтті жүзеге асырылған жағдайда елордада 2 574 жұмыс орнын құру көзделіп отыр. «Astana – жаңа қала» АЭА құрылған сәттен бастап өндіріс көлемі 6 512 млрд теңге болды. Салық аударымдарының көлемі – 186,2 млрд теңге. Ағымдағы жылы жалпы сомасы 15,9 млрд теңгені құрайтын 11 жобаны іске қосу жоспарлануда, ол өз кезегінде 500-ден астам адамды жұмыспен қамтамасыз етеді, – деді «Astana Invest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы» ЖШС басқарма төрағасының орынбасары.

Қаланың өнеркәсібі, негізінен, Өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарымен ұсынылған өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлемінің 86,7%-ын құрады; электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау – 12,1%; сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтарды жинау мен бөлуді бақылау – 1,3%

Астанада өңдеу өнеркәсібі саласындағы жобалар іске асырылуда. «Astana Invest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы» ЖШС басқарма төрағасы орынбасарының айтуынша, 2023 жылдың қаңтар-наурыз айларында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 473,3 млрд теңгені құрады, НКІ – 100,4%. Өңдеу өнеркәсібінде 410,1 млрд теңге сомасына өнім өндірілді, НКІ – 98,5%.

– Қаланың өнеркәсібі, негізінен, Өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарымен ұсынылған өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлемінің 86,7%-ын құрайды; электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау – 12,1%; сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтарды жинау мен бөлуді бақылау – 1,3%.

Өңдеу өнеркәсібінің негізгі салалары металлургия; машина жасау; өзге де металл емес минералды өнімдер өндірісі; сусындар өндірісі; резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру; азық-түлік өнімдерін өндіруден тұрады, – деді Арсен Меңдіғазиев.

Қалалық өнеркәсіп кәсіпорындарының негізгі үлесі №1 Индустриялық паркте, Технопаркте, Өндіріс кентінде шоғырланған. 2022 жылдың тоғыз айында қаланың жалпы өнім өндірудегі өңдеу өнеркәсібінің үлесі 6% құрады. 2025 жылға дейін бұл көрсеткішті 10 пайызға дейін ұлғайту жоспарланған.

– Қазіргі уақытта елордада екі арнайы экономикалық аймақ жұмыс істейді. Олар – «Astana – жаңа қала» және

АУЛА КЛУБЫ – ТӘРБИЕ МЕКЕНІ

Қаламыздағы Күмісбеков көшесі 6-үй орналасқан мекенжайда аулалық футбол клубы ашылды. Жобаның бастамашысы, елордалық мәслихат депутаты, қалалық футбол федерациясының президенті, атақты қақпашы – Давид Лория.

Игі бастаманы Астана қаласының әкімдігі мен «Жеңіс» футбол клубы қолдады. Аулалық футбол клубының салтанатты ашылу рәсіміне қалалық мәслихаттың хатшысы Ерлан Каналимов, Сарыарқа ауданының әкімі Бауыржан Ералы, Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев қатысты.

Бүгінгі таңда клубтың мүшесі болу үшін 50-ден астам адам ниет білдіріп

отыр. Олардың барлығы жас топтарына сай бөлініп, жазғы демалыс уақытының соңына дейін футболмен тегін айналысады.

Жоба бастамашысының айтуынша, бұл аулада аптасына 2 рет кәсіби жат-

тықтырушы келіп, жергілікті балалар үшін тегін жаттығулар өткізеді.

– Футболмен айналысқысы келетін жандардың саны көбейген сайын, сабақ кестесіне сәйкес жаттығулардың саны ұлғайтын болады.



Енді ауладағы балалар бос жүрмейді. Біз балаларға барлық қажетті дағдыларды дамытуға мүмкіндік бергіміз келеді. Оқруімізде турнирлер өткізіп, жаңа клубтар ашуды жоспарлап отырмыз, – деді Давид Лория.

Қыс мезгіліне қарай сабақтарды өткізу үшін арнайы манеж іздеу мәселесі қарастырылады. Бұл ретте жастар мен жасөспірімдерді бұқаралық спортқа, шығармашылық үйірмелерге тарта отырып, өмірлік дағдыларды үйрету арқылы олардың өмір сапасын жақсартуға басымдық беріледі.

Жалпы, аула клубтарының қызметі жастар мен жасөспірімдер арасындағы қылмысты азайтуға, балалардың денсаулығын жақсартуға және олардың уақытын пайдалы өткізуге, сондай-ақ патриотизмнің дамуына ықпал етеді. Себебі олардың басым бөлігі жан-жақты дамып қана қоймай, қоғамдық шараларға да өз үлесін қосып келеді.

ЕРЕКШЕ ЖАНДАРҒА АРНАЛҒАН ЖӘРМЕҢКЕ

Елордада Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қолдауымен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған жұмыс жәрмеңкесі өтті.



Мүгедектігі бар азаматтарды кәсіби оңалту орталығының әлеуметтік қызметкері Айдана Мақышеваның айтуынша, бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған бос

орындар көрме-жәрмеңкесі үшінші рет өткізіліп жатыр.

– Мұның алдында ұйымдастырылған көрме-жәрмеңкеге 180-ге жуық мүгедектігі бар адам қатысқан болатын. Бүгін-

гі іс-шараға 30-ға жуық жұмыс берушілермен бірге 100-ден астам мүмкіндігі шектеулі жан жұмыс іздеп келді, – деді Айдана Мақышева.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қолдауымен өткен іс-шараны мүгедектігі бар азаматтарды кәсіби оңалту орталығы ұйымдастырды. Бұл мекеме 2020 жылдан бері жұмыс істейді. Мүгедектігі бар азаматтарды кәсіби оңалту орталығы ерекше қажеттіліктері бар жандардың жұмысқа тұруына жәрдемдесіп, оларды жарты жыл бойы сүйемелдейді.

Мамандардың мәлімдеуінше, бүгінде бос орындарға сұраныс көп. Жұмыс орны әр адамның мүгедектік тобына сәйкес болуы тиіс. Бірақ кейде вакансиялар ол талаптарға сай келмей жатады. Сон-

дықтан кейбір ерекше қажеттіліктері бар жандар үшін бос орын табу қиын көрінеді. Бұл жәрмеңкеге Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде инклюзивті білім алатын студенттер де қатысты.

– Жалпы университет бойынша инклюзивті білім алу категориясына жататын 134 дәріс алушы бар. Соның 33-і биыл оқу бітіреді, 2-еуі докторантурада, қалғандары бакалавриат бойынша оқуын тәмамдап жатыр. Сондай-ақ инклюзивті қолдау қызметі оқу бітіргеннен кейін әрі қарай жұмысқа орналасуына біздің серіктес мекемелермен бірігіп меморандумға қол қойды, – деді Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жастар департаментінің директоры Жамбыл Тілепов.



АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТТІ

Астанадағы «Жастар» сарайында Байқоңыр ауданының тұрғындары үшін кезекті Ашық есік күні өтті.

Онда кәсіпкерлік, туризм, әлеуметтік сала, денсаулық сақтау, коммуналдық шаруашылық, көгалдандыру және абаттандыру мәселелеріне қатысты сұрақтар қаралды.

Аудан тұрғындарының өзекті мәселелерін тыңдап, тиісті шешім қабылдау мақсатында бастау алған бұл науқанға аудан әкімдігінің басшылығы, жергілікті мекеме

өкілдері қатысып, тұрғындардың сұрақтарына жауап берді.

Келесі Ашық есік күні 24 мамыр күні өткізіледі. Онда сәулет, қала құрылысы, жер қатынастары, құрылыс, энергетика, газдандыру, газбен жабдықтау, коммуналдық қалдықтар, көгалдандыру, кешенді абаттандыру, қоршаған ортаны қорғау мәселелері көтерілетін болады.

ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛІП ЖАТЫР

Астанада жолдарды жөндеу жұмыстары қызу жүргізілуде. Қазіргі кезде Алматы ауданының орталық 10 көшесі мен тұрғын алаптардағы 20 көшені жаңарту жалғасуда.

Мәселен, Железнодорожный тұрғын алабында ұзындығы 1100 метр Екібастұз көшесіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінгі таңда жұмыстардың 80%-ы орындалды. Жоба бойынша асфальт төселіп, тротуар, кәріз желілері – нөсер, сумен жабдықтау және сыртқы жарықтандыру жабдықталды.

Аудан әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлағанындай, жол жөндеу жұмыстары тамыз айында аяқталады.

Қаланың тұрғын алаптарындағы жұмыс мақсатында 2010 жылы Астана қаласының шет аймақтарын дамыту тұжырымдамасы қабылданған болатын. Тұжырымдамаға сәйкес 2011-2022 жылдарда жолдар мен инженерлік желілер салынды, оның ішінде 2019 жылдан 2022 жылға дейін Көктал-1, Көктал-2, Комсомольский, Интернациональный, Достық тұрғын алаптарында, Оңтүстік-Шығыс шағын ауданының сол жағында инженерлік желілер салу бойынша жұмыстар жүр-

гізілді. Соңғы төрт жылда орташа жөндеу аясында жалпы ұзындығы 80 км болатын 237 көше жөндеді. Ағымдағы жылы республикалық және жергілікті бюджет есебінен 6 тұрғын алапта 7 жобаны іске асыруға қаражат бөлінді.

Сондай-ақ қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы елорданың Петров көшесіндегі жол төсеміне орташа жөндеу жұмысын бастады. Осыған байланысты жол учаскесі уақытша жабылды.

Жұмыс Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қаланың ПҚҚ әкімшілік полиция басқармасының келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Жол төсемін жөндеу Петров көшесі бойында Жирентаев көшесінен Жұмабаев даңғылына дейінгі учаскеде жүргізіледі. Осыған байланысты ағымдағы жылдың 18-22 мамыр күндері аралығында аталмыш учаскеде көлік қозғалысы толығымен шектелетін болады.



№59 (4492) 20/05/2023 Сенбі

СУ ТАПШЫЛЫҒЫ ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ?

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

ТАПШЫЛЫҚ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

Биыл 25 жылдығын атап өтетін Астанада су тапшылығына әкеліп соқтырған бірнеше факторлар бар. Соның ішіндегі негізгі екеуі – халық санының тез өсуі мен қала құрылысының қарқын алуы. Елорданың алғашқы бас жоспары жасалғанда 2023 жылы халық саны 800-900 мың адам болады деп есептелген. 2010 жылы қала әкімшілігі 20 жылдан кейін, яғни, 2030 жылы астаналықтардың саны 1 млн 200 мың адамға жетеді деп болжағанымен, ол көрсеткішке 2020 жылы жеттік. Қазір қала халқының саны іс жүзінде 1 млн 500 мың адамды құрайды. Енді 7 жылдан кейін бас қалада 2-2,5 млн адам тұруы мүмкін. Бұл бағытта Астана өзге өңірлермен салыстырғанда көш басында тұр. Бұған дәлел, 2022 жылдың 11 айында елорда тұрғындарының саны 4,21 пайызға өсіпті.

Халықтың табиғи өсімі мен жағымды көші-қонның әсерінен елордада жыл сайынғы суды алу мен тұтыну көлемі жылдам өсуде. Мысалы, 2007 жылы су алу көлемі 43,5 млн текше метр болса, 2012 жылы – 60 млн текше метр, 2020 жылы – 105 млн текше метр, 2021 жылы – 110, 2 млн текше метр, 2023 жылы 122 млн текше метрге ұлғайды. Мамандардың болжауы бойынша, 2030 жылы бұл көрсеткіш 180 млн текше метрге дейін жетеді. Қаланы сумен жабдықтаудың негізгі көзі болып табылатын «Астана» су қоймасына «Астана су арнасы» кәсіпорны жыл сайын шамамен 110 млн текше метр су алады. Ал қалған 22 млн текше метр су тапшы деген сөз.

Су тапшылығына әкеліп отырған негізгі фактор – құрылыстың зор қарқыны мен Есілдің екі жағалауында да тығыздап көпқабатты үйлердің салынуы. Ресми статистика бойынша, соңғы үш жылда бас қалада 8,5 млн шаршы метр тұрғын үйлер пайдалануға берілді. Осылайша, 5 жылдық жоспар 3 жылда орындалды. Салынған үйлерді жылумен, сумен, электр қуатымен жабдықтау қиына соғып, қала әкімшілігі 2022 жылы құрылыс көлемін жылына 2 млн шаршы метрге дейін азайтты. Соған қарамастан, өткен жылы Астана баспананы іске қосудың көрсеткішін асыра орындады. Бұл жердегі назар аударатын мәселе – VI Group, Базис-А сияқты алпауыт құрылыс компаниялары Есілдің екі жағалауынан да аспанмен тірескен көпқабатты үйлерді жыпырлатып салып жатыр. Су саласындағы мамандар қаладағы 16 шағын аудан осындай бейберекет салынған тұрғын үйлерден зардап шегіп отырғанын айтып, дабыл қағуда.

Қаланың бас жоспарында жазылған суды пайдалану және өткізу мөлшері қағаз жүзінде қалып отыр. Жуырда сенатор Бибігүл Жексенбай осы мәселені көтеріп, Үкімет басшысы Ә.Смайыловтың атына жолдаған депутаттық сауалында салынып жатқан көпқабатты үйлердің бәріне тексеріс жүргізіп, қандай мөлшерде су жұмсалып жатқанын есептеу керектігін айтты. Депутат ескі үйлердің арасына тығыздап үйлер салу үрдіске айналып, соның кесірінен қалыптасқан су жеткізу жүйесін өзгертіп қана қоймай, апатты жағдайлар туғызуы мүмкін екеніне алаңданып білдірді.



Осы мәселе соңғы кездері астаналықтарды алаңдатып отыр. Алаңдамай қайтсін, су тапшылығынан тарыққан Есіл, Алматы, Сарыарқа, Байқоңыр ауданының кейбір тұрғындары жуынатын, кір жуатын сумен қатар қанып ішетін қара суға зар болды. Көпқабатты үйлерде су күндіз сыздықтап ағып, кешке тоқтайды. Сенбі, жексенбі күндері жұрт су құятын құтыларын көтеріп, құдықтарға қарай ағылады. «Астана су арнасы» мемлекеттік кәсіпорнының суды кесте бойынша төмен қысыммен беріп отырғанына 2 айға жуықтады. Елордадағы су тапшылығы бір станцияны салумен толық шешілмейтіні анық. Себебі халық саны тез өсіп, жаңа құрылыстар бой көтерген сайын, суға деген сұраныс та артауда.

МӘСЕЛЕ ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ?

Қала әкімдігі мен Үкімет бұл мәселені үнемі назарда ұстап, оны шешудің бірнеше нұсқаларын қарастыруда. Ең алдымен, биыл пайдалануға берілетін №3 су сорғыш-сүзгіш станцияға үміт артауда.

1. Үшінші станция күзде іске қосылады

Жақында БАҚ-қа берген сұхбатында Астана әкімі Жеңіс Қасымбек биыл жаздың аяғында №3 су сорғыш-сүзгіш станция іске қосылғанда суды төмен қысыммен беру мәселесі шешілетінін мәлімдеді. Сәуірде сенатор Бибігүл Жексенбай және қалалық мәслихат депутаттарымен бірге станциядағы құрылыс жұмыстарын көзімізбен көріп, мердігерлердің ақпаратын құлақпен естідік. Бүгінге дейін құрылыс жұмыстарының 85 пайызы аяқталған. Жаңа станциядан Тұран даңғылына дейін су жүретін 21 шақырымдық тұрбаның 8,5 шақырымын салып бітірілді.

«Қалған 12 шақырымын күзде аяқтаймыз. Мамыр айының соңына дейін III.Қалдаяқов көшесіндегі учаскені салып бітіреміз. Су сол учаскеден магистральдық желілерге қосылады. Бұдан бөлек,

станциядан Күйгенжар, Мичурин, Интернациональный, Учхоз елді мекендеріне су беріледі» деп түсіндірді Бас мердігер «ҚазҚұрылыс-Сервис» ҰТҚҚ-а АҚ-ның өкілі. Ол әкімшілік-тұрмыстық кешен (химия-биологиялық зертхана, су сүзетін блоктар, резервуарлар және т.б.) ғимараты салынып бітіп, тұрбалар тартылған соң іске қосу мен жөндеу жұмыстары жүргізілетінін айтты.

Су сорғыш-сүзгіш станция тәулігіне 105 мың текше метр (қазіргі тапшылық тәулігіне 30 мың текше метр – Т.Т.) су шығарады. 2021 жылы қазанда құрылысы басталған нысанға сараптама бойынша 59,44 млрд теңге қажет. Соның ішінде 2022 жылы 30,9 млрд-ы бөлініп, игерілген. 2023 жылға 12,6 млрд теңге бөлінген. Бұл ақша қоршайтын конструкциялар (шатыр, терезе, есіктер) тұрғызу, магистральдық су құбырының 16,9 шақырымын салуға жұмсалады. Жобаға республикалық бюджеттен қосымша 14,7 млрд теңге бөлінген. Бұл қаражат технологиялық жабдықтарды, дренаж жүйесін, ғимараттағы ішкі инженерлік желілерді, байланыс және күзет жүйесін жөндеуге, ішкі құрылыс жұмыстарын жүргізуге, аумақты

көгалдандыруға жұмсалады. Биыл қыркүйек-қазан айларында станцияның құрылысы толық аяқталып, бар қуатымен іске алдағы 5 жылға дейін елордада су тапшылығын болдырмауға мүмкіндік береді дейді. Одан әрі халық саны өсіп, жеткілікті мөлшерде сумен қамтамасыз ете алмайды.

Бұған қоса, жергілікті әкімдік «1-су соратын станциядан №3 су сорғыш-сүзгіш станцияға су жіберетін құбырды жөндеу» жобасын іске асыруда. Жалпы құны 49,2 млрд теңгені құрайтын құрылысты «АП-Импэкс» ЖШС жүргізіп жатыр. Биыл осы жобаға 1,0 млрд теңге бөлінген. Осы жобаның шеңберінде Астана су қоймасында 1-су сорып-көтеретін станциядан Железнодорожный тұрғын алабына дейінгі аралықта ұзындығы 87,8 шақырым жерге диаметрі 1200 мм екі суағар желісі салынады. Үшінші станцияны сумен қамтамасыз ету үшін мамыр айында осы су құбырының 1-желісінің (43,9 шақырымы) құрылысы аяқталады. 2-желісі 2024 жылы салынып бітеді. Бұл жердегі бір алаңдататын жайт – Вячеслав су қоймасындағы (станцияға су содан ағып келеді) су мөлшерінің жеткіліксіздігі.

2. Астана су қоймасын жөндеу және сумен толтыру

Астананы ауызсумен және техникалық сумен қамтамасыз етудің баламасыз көзі – Астана су қоймасы. Экология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің ресми ақпаратына сүйенсек, 2023 жылы 17 мамырдағы ахуал бойынша су қоймасында 338 млн текше метр су жиналған. Бұл – жобалық көлемнің 82 пайызы. Алайда 55 жыл бойы жұмыс істеп тұрған су қоймасына әлі күнге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Құзырлы комитет бұл істі енді қолға алып, жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуде. Бұдан бөлек, Астана су қоймасын Есіл өзені арқылы 6 шағын биік су қоймасынан су беру жолымен толтыру нұсқасы да қарастырылуда. Ол үшін Батпақкөл, Бірсуат, Есіл, Анаркөл, Кенетай, Тоқсумақ су қоймаларын жөндеу қажет.

Су ресурстары комитеті біздің су тапшылығы туралы сауалымызға былай жауап берді: «Астана су қоймасын сумен толтыра алатын жалғыз су көзі бар, ол – Қ.Сәтпаев атындағы каналдан Есіл өзенінің арнасына тазарту және түбін тереңдету жолымен су жіберу.

Жеңіс ҚАСЫМБЕК, Астана қаласының әкімі:

«Үш жыл бұрын әкімдік өте дұрыс шешім қабылдады. Себебі үш жыл ішінде Астана халқының саны 200 мың адамға көбейді. Биыл №3 су сорғыш-сүзгіш станцияны іске қосып, су қысымына тапшылық мәселесін шешеміз. Биыл төртінші станцияны жобалауды бастаймыз. Бұған қоса, Үкімет елорданы сумен жабдықтаудың бірнеше нұсқаларын қарастырып жатыр. Соның ішінде ең біріншісі және қарапайым нұсқасы – Сабынды жерасты кен орнынан су тарту. Бұл жобаны 1,5 жылда іске асырып, тәулігіне шамамен 40-50 мың текше метр су алып, Есілдің сол жағалауын сумен қамтамасыз етеміз. Нәтижесінде, оң жағалаудағы су жүйесіне түсетін жүктеме азаяды. Одан бөлек, болжамымыз бойынша 80-85 мың текше метр су артылып қалады, ол алдағы 3-4 жылда тапшылықты сезінбеуімізге, жоспардағы барлық жобаларымызды жүзеге асыруға жетеді».



Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ, Сенат депутаты:

«Дүниежүзілік зерттеулердегі болжамдарға сүйенсек, 2040 жылға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 50 пайызға дейін жетуі мүмкін. Қазақстан негізінен Қытай, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттерінен келетін суды пайдаланады. Ал 4 млн-нан астам қазақстандықтарды сумен қамтамасыз ететін Ертістің суы көптеген кәсіпорындардың салынуынан, заңды тұлғалардың, шаруа қожалықтарының, кооперативтердің суды көп көлемде пайдалануынан, үнемідемеуінен және экологиялық жағдайларға байланысты азаюда. Соның салдарынан Астана қаласына келетін Ертіс-Қарағанды каналының су мөлшері де келешекте айтарлықтай төмендеуі мүмкін. Бұл жобадан басқа да баламалы бағыттарды қарастыру қажет».



Нұрлан АЛДАМЖАРОВ, Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитетінің төрағасы:

«Қазіргі таңда Астанада су мәселесі бойынша қауіп жоқ. Су қоры тұрақты, тұрғындар сапалы сумен қамтамасыз етілуде. Алайда қаланы ауызсумен және техникалық сумен қамтамасыз ету – негізгі күн тәртібінде тұрған мәселе. Қазіргі уақытта Комитет сумен қамтамасыз етудің мынадай бірнеше нұсқасын қарастыруда: Астана су қоймасын реконструкциялау, Қ.Сәтпаев атындағы каналдан Астана су қоймасын сумен қамтамасыз етуді ұлғайту жөніндегі жоба, Астана су қоймасының түбіндегі иөгенділерді тазартуға және арнайы техниканы сатып алуға қатысты жоба, Есіл өзені арқылы 6 шағын биік су қоймасынан су бұру жолымен толтыру және т.б. Бұдан бөлек, үш нұсқа жөнінде мәлімет келтірейін. Біріншісі – Төтенше жағдайлар кезінде елорданы сумен жабдықтаудың резервтік көзі ретінде қала маңында орналасқан жерасты суларының кен орнын пайдалану. Төтенше жағдайлар кезінде Астананы сумен жабдықтаудың резервтік картасы жасалған. Картада жерасты суларының 4 кен орны қарастырылған: Нұра – тәулігіне қуаттылығы 48 мың текше метр, Рождественское – тәулігіне 41,5 мың текше метр, Ақмола – тәулігіне 20,6 мың текше метр және Атбасар 47,6 мың текше метр жерасты қоры бар. Төтенше жағдайлар кезінде елорданы сумен жабдықтаудың резервтік көзі ретінде жерасты суларын пайдалану үшін қаладан 67 шақырым қашықтықта орналасқан Нұра кен орнынан су құбырының құрылысын іске асыру ұсынылып, 2019 жылы техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленді. Қазір қала әкімдігі оған түзетулер енгізіп, жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуде. Екіншісі – қала әкімдігімен бірлесіп Қ.Сәтпаев атындағы каналдан №4 су сорғыш-сүзгіш станцияға дейін су құбырын салу жобасы талқылануда. Алдағы 10 жылда елорданың су тұтынуы тәулігіне 700 мың текше метрге дейін өсетінін ескерсек, Астана су қоймасы қажетті су көлемімен қамтамасыз етпейтіні анық. Осы мәселені шешу мақсатында арнадан ұзындығы 200 шақырым болатын диаметрі 1400 мм жеке су құбырын салу мәселесі қарастырылуда. Бүгінде Қ.Сәтпаев арнасы толық қуатының 30 пайызына ғана жұмыс істеп тұр. Яғни, су қоры бар. Бұл бассейнаралық арна Ертістен алған суын Нұраға құяды. Үшіншісі – Астанада 300 шақырым жерде Бұзылық су қоймасын салу жобасы. Көлемі 800 млн текше метрді құрайтын қойма келешекте орталықтағы өңірлерге су тартуға мүмкіндік береді. Жобалық-сметалық құжаттамасы жылдың соңында дайын болады».



Әсет ҚАЛИЕВ, «Астана» халықаралық ғылыми кешенінің су қауіпсіздігі орталығының директоры:

«Қаладағы әр ауданның су, жылу құбыры, канализациялық жүйесі бар. Көпқабатты үйлерді тығыздап салу нәтижесінде осы жүйелердің өткізу мүмкіндігі бұзылып, нормадан артық жүктемемен істеп тұр. Бұған су құбыры желісіндегі жүйеленген апаттар, үйлердің жоғары қабатына судың бармауы, канализациялық құдықтардың ағын суларға толып қалуы дәлел. Әкімдіктің ақпаратына сәйкес, балабақша, мектеп, емдеу-сауықтыру нысандары нормативтік жүктемеден бірнеше есеге жоғары қуатпен жұмыс істеуде. Яғни, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылым күшейтілген тәртіпке келтірілген. Ал су желісіндегі ысыраптың мөлшері 30 пайызға жетті. Демек қала осы инфрақұрылымға зиян келтіру есебінен дамыды деген сөз, өйткені үнемі тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар салу басты назарда болды және қазір де солай. Сондай-ақ қазір елордаға қажетті жылу-электр орталығы, су сорғыш-сүзгіш станция, газ бөлу желілері, әлеуметтік нысандар салудың орнына экономикалық жағынан ешқандай тиімділігі мен қайтарымы жоқ ЕХРО қалашығы, LRT және т.б. алып құрылыстар пайда болды. Мемлекет соларды ұстап тұруға жыл сайын миллиондар мен триллиондар жұмсауда. Қалқайып қаншама қажетсіз ғимарат тұр. Ал балабақшаларда балаларға орын жоқ, халық ішетін суға зарығып отыр. Үкімет елордадағы су тапшылығын болдырмау үшін жерүсті және жерасты су көздерін пайдаланудың жолдарын қарастыруда. Су соратын станциялар мен су қоймаларын жобалау мен салуға жедел қаражат бөледі шешуіміз керек. Өз басым Қ.Сәтпаев каналы арқылы су тартуды жақтаймын».



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІРІ ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ САНЫ МЕН СУ ТҰТЫНУ ДИНАМИКАСЫ

СУ ТҰТЫНУ КӨЛЕМІ, ТЕКШЕ МЕТР/СӨТКЕ (2009 ЖЫЛ)



СУ ТҰТЫНУ КӨЛЕМІ, ТЕКШЕ МЕТР/СӨТКЕ (2022 ЖЫЛ)



СУ ТҰТЫНУ КӨЛЕМІ, ТЕКШЕ МЕТР/СӨТКЕ (2050 ЖЫЛ, БОЛЖАМ)



Дереккөзі: «Астана» халықаралық ғылыми кешенінің су қауіпсіздігі орталығы

ЕЛОРДА ӘКІМДІГІ ЖУРНАЛИСТЕР АРАСЫНДА АСТАНА ТУРАЛЫ ҮЗДІК ЖАРИЯЛАНЫМДАР МЕН СЮЖЕТТЕРГЕ КОНКУРС ӨТКІЗЕДІ



Елорда күніне орай авторлар арасында үздік жарияланымдар, репортаждар, БАҚ және әлеуметтік желілердегі Астананың дамуы туралы сюжеттер байқауы басталады деп хабарлайды қала әкімдігінің ресми сайты.

Байқауға қатысуға барлық қазақстандық журналистер шақырылады. Байқауды Астана қаласының Ішкі саясат басқармасының қолдауымен қалалық Коммуникациялар қызметі ұйымдастырады.

Астана туралы 2022 жылдың 1 маусымынан 2023 жылдың 16 маусымына дейінгі кезеңде жарияланған/эфирге шыққан мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі материалдар қабылданады. Бір қатысушы конкурсқа 1 материалдан артық емес және тек бір номинация бойынша ұсына алады.

Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- 1) «Үздік журналист-сарапшы» – елорда туралы баспа басылымдарында жарық көрген сараптамалық материалдар;
- 2) «Үздік шолушы» – Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы интернет-басылымдардағы материалдар;
- 3) «Үздік радиорепортаж» – Астанаға арналған радиосюжеттер;
- 4) «Үздік телесюжет» – қала өмірі туралы телесюжеттер;
- 5) «Үздік мобилограф» – мегаполис өмірі туралы бейнероликтер;
- 6) «Үздік фоторепортаж» – Астана туралы фотосуреттер;
- 7) «Әлеуметтік желідегі Астананың 25 жылдығы туралы үздік материал» арнайы номинациясы – әлеуметтік желідегі үздік материалдарды анықтауға бағытталған. Әлеуметтік желілердегі

(Facebook, Instagram және TikTok) танымал топтар мен пабликтер қатысуға өтініш бере алады.

Номинациялар бойынша жеңімпаздарды белгілі журналистерден, медиа-сарапшылардан және елордадағы осы саланың құрметті өкілдерінен құралған конкурстық комиссия айқындайтын болады. Ең үздік жұмыс ақшалай сертификаттармен ынталандырылады. Бірінші орын үшін 1 миллион теңге, екінші орын үшін – 500 мың теңге, үшінші орын үшін – 300 мың теңге.

Өтінімдер 2023 жылдың 16 маусымына дейін мына электрондық пошта арқылы қабылданады: sluzhbakommunikatsiy@mail.ru. Ұйымдастыру комитетінің байланыс телефоны: 8 (702) 407-52-82. Байқаудың ережесін elorda.info сайтынан көруге болады.

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІСІН АҒЫЛШЫНША СӨЙЛЕТТІ

Астана қаласындағы №38 мектеп-лицейінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Зәмзәгүл Туитинаның еңбегінің арқасында елордада қазақ ертегілерінің кейіпкерлері ағылшын тілінде сөйледі. Шет тілін оқытудағы жаңа әдіс оқушылардың оқу үлгеріміне оң әсерін тигізді.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Зәмзәгүл Туитина – ағылшын тілінен 39 жылдық еңбек өтілі бар, педагог-шебер. Осы жылдар ішінде ол ағылшын тілін оқытудың әртүрлі әдістерін жасап, тәжірибесін де қолдана білді. Сабақ барысында ақпараттық технологияларды қолдана отырып, тілді ән және фильмдер арқылы үйретумен қатар, оқушылар арасындағы танымал шығармалар мен қазақ ертегілерін ағылшын тіліне аударды. Ол атақты Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесі мен «Алдар Көсе мен Шықбермес Шығайбай» ертегісінен үзінділерді ағылшын тіліне тәржімәлеп, танымал етті.

«Маған еліміздегі үздік

ұстаздардың бірінің шәкірті болу бақыты бұйырды. Ағылшын тіліне деген үлкен қызығушылығым оның қызықты сабақтары мен шығармашылық тапсырмаларының арқасында оянды, мұғалімнің әр тақырыпқа үлкен ынтамен қарайтыны себепші болды.

«Зәмзәгүл Қалкенқызының тілді үйретуде ерекше әдіс-тәсілдері маған ұнады, шәкірттерінің білім деңгейінің жоғары деңгейге дейін жеткізіп, ағылшынша сайрап шыққанына куә болдым. Ол еңбек еткен жылдары бір емес, бірнеше буын олимпиадашыларды тәрбиелеп шығарды» дейді 11-сынып оқушысы Ұлпан Болатқожа.

Зәмзәгүл Туитина – «Reading for pleasure» ағылшын тіліндегі нұсқаулықтың авторы. Оған балалар әдебиетінің классиктері мен ең танымал заманауи



авторлардың үзінділері енгізілген. Балалар оларды сабақта да, бос уақытында да оқиды. Сонымен қатар, Зәмзәгүл Туитинаның шәкірттері «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар

үлт» республикалық жобасы аясында батыс әдебиетін ағылшын тілінде оқып жатыр. Сабақтар аптасына екі рет сабақтан тыс уақытта тегін өткізіледі.

Астана қаласы тұрғындарының назарына!

Астана қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2023 жылғы маусымның бірінші онкүндігінде «Қолжетімді және жайлы қоғамдық дәретханалар – елорданың мәдени бет-бейнесі» бағдарламасын іске асыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы» тақырыбында көпшілік тыңдаулар өткізу жоспарлануда.

Күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен мәселелерді қалалық мәслихат аппаратына жолдауларыңызды сұраймыз. Тел.: 55-66-35, эл. пошта: astana@maslihat01.kz.

Е.КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

ӨРТТЕН САҚТАН!

Көктем-жаз мезгілі – өрт қауіпсіздігін ерекше сақтайтын, сақтанатын кезең. Әсіресе, жаз айларындағы қураған шөптердің тез жануы айналыны қоршаған орта үшін қауіпті.

Бұл маусымда тез жанатын аумақтар ретінде орман-тоғай дала алқаптарын, егістіктер мен автокөлік жолдары бойынша, сондай-ақ жеке тұрғын үй секторы мен саяжайлардың ашық аумақтарын айтуға болады. Өрттің шығуына адамдардың отпен абайсыз болуы, құрғақ шөптерді, қоқыстарды және басқа бау-бақша қалдықтарын жағуы, табиғатқа демалуға шыққан азаматтардың жаққан оттарын сөндірмей кетуі, механизатор, малшылардың немесе көлік жүргізушісінің жол жиегіне өшірмей тастаған темекі тұқылыдары себеп. Қураған шөптер тез жанып, желмен үдеп, үлкен аумаққа тез таралады да, оларды сөндіру қиындай түседі. Ең қауіптісі сол – ауыздықтауы қиындаған өрт жалыны жақын тұрған ғимараттар мен тұрғын үйлерді шарпиды. Сол себептен

мамандар жекеменшік сектордың тұрғындары мен саяжай иелеріне өз мүліктерін қорғау мақсатында өз учаскелерін жанғыш қалдықтардан, қоқыстан, шөптерден, түскен жапырақтардан, тағы басқа жанғыш заттардан уақытылы тазалап тұруын ескертеді. Өйткені өрттің зардабы орасан, оның зияны қоршаған ортаға әсер етеді, экологиялық және экономикалық зардаптары үлкен, бір жағынан, ауа ластанса, екінші жағынан, өрттің мал жайылымын, егістіктерді құртады.

Ендеше, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау адам үшін де, айнала қоршаған орта үшін де өте маңызды.

И.ЖАЙНАҚОВ,
Алматы ауданы
ТЖБ бас маманы азаматтық қорғау капитаны



ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

Астана қаласы Пригород тұрғын алабы «Есіл» орта мектебі 2023-2024 оқу жылына арналған қазақ және орыс тілінде 1-4 сыныптарға оқушыларды қабылдау жүргізіледі.

Өтініштер 1 сәуірден – 31 шілде аралығында құжаттар қабылданады. Мекенжайы: Астана қаласы, Есіл ауданы, Пригород тұрғын алабы, Сарытоғай көшесі, 9/1 ғимарат. Құжаттарды қабылдау байланыс телефоны: 8 702 999 76 88. Уақыты: сағ: 9:00 - 12:00

Әртістер әулетті

25
ASTANA

21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлері күні. Биыл 25 жыл толатын еліміздің бас ордасы, Астана қаласы мәдениетімен де асқақ. Ерке Есілдің жағасына елорда орнағалы бас қалада көптеген сәулеті жарасқан мәдени ошақтар бой көтерді. Соның бірі де, бірегейі – Астаналық цирк. 2005 жылдың желтоқсанында, Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында есігін айқара ашқан цирктің негізін белгілі иллюзионист, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Балтабек Жұмағұлов қалады. Сол уақытта елордаға жан-жақтан тәжірибелі әртістер шақырылды. Бұл қатарда Орманбетовтер әулетінің алатын орны ерек.



Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Жануарлармен жұмыс істеген Қырғызстанның халық әртісі Салморбек Орманбетов, оның жары Мүгүл Қалиасқарқызы, ұлы Шыңғыс Астаналық цирктің бастауында тұр. Осы күндері Салморбек бұл дүниеде жоқ, жары Мүгүл еңбегінің зейнетін көріп жатыр. Ал Шыңғыс пен келіндері Әйгерім ата-ананың жолын жалғап, күні бүгінге дейін Астаналық циркте жемісті еңбек етіп жатыр.

Қырық жастың қырқасына шыққан Шыңғыс циркте өсті. Ең алғаш рет манеже әкесімен бірге үш жасында шықты. Ал он бір жасынан бастап жеке нөмірмен өнер көрсете бастады. Әкесі оған бірнеше ешкі сатып әперіп, арнайы нөмір әзірледі. Цирк әртісі мамандығын өмірім деп бағалаған Шыңғыс кейіннен Ж.Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжі мен Б.Бейшен-

алиев атындағы өнер академиясын бітірді. Аңдарды, жануарларды үйретуші бола жүріп, кейіннен каскадерлікті меңгерді. Ат үстінде неше түрлі трюктерді орындайтын. Осы өнерінің арқасында талай әңгіме болған «Көшпенділер» фильміне шақырылды.

«Номад» каскадерлер тобының құрамында осы кинотуындының түсіріліміне қатысты. Онда Шыңғыс фильмде жоңғар батыры Шарышты сомдаған әлемге әйгілі әртіс Марк Дакастастың дублері болды. Бірақ цирктен кеткен жоқ, бала кезінен өзіне ыстық жануарлармен жұмыс істей берді.

– Әкемнің «Фауна» аталатын аттракционында елу бастан астам жануарлар мен аңдар болды. Соның ішінде түйелер, яктер, аюлар, жылқылар, ешкілер, қойлар, иттер, егеуқұйрықтарды үйретті. Әкем анам екеуі осы аттракционмен талай елді аралады. Мен соның бәрін бала кезімнен

көріп, жануарларды кішкентайымнан жақсы көріп кеттім. Сондықтан жануарлармен жұмыс істемесем, өміріме бірдеңе жетпейтіндей көрінеді, – дейді Шыңғыс.

Шыңғыс пен Әйгерімді осы цирк өнері таныстырып, табыстырды. Әйгерім циркте көгершіндермен билейтін қыз бала керек болғанда шақырылды. Бұдан бұрын ол би студиясында жұмыс істеген еді. Цирк өнері баурап, осы жолға түбегейлі бет бұрды. Осында жүріп Шыңғыспен танысып, екеуінің әңгімесі жарасты. Кейіннен өнерде ғана емес, өмірде бір шаңырақтың астында бас қосты. Шыңғыс Әйгерімге аңдар мен жануарлармен жұмыс істеуді үйретті. Арада перзент дүниеге келді.

– Қызымыз Самира да біз сияқты жануарларды, әсіресе жылқыларды жақсы көреді. Өз басым оның да болашақта цирк әртісі болуын қалар едім, – дейді Әйгерім.

Шыңғыс пен Әйгерімнің анасы Мүгүл Қалиасқарқызы шет тілдер институтын «Француз тілі» мамандығы бойынша бітірді. Бірақ жары Салморбектің етегінен ұстап, өмірін циркпен байланыстырды. Бүгіндері – зейнет демалысында. Астаналық цирк оны ардагер ретінде туған күндерінде, басқа да мерекелерде ардақтап тұрады.

Ал Әйгерім Тілегенова қазір Астаналық цирк әртісі ғана емес, режиссер болып та еңбек етеді. Осы мамандықты ол М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінен оқып алды.

Елорда мәдениетіне сіңірген еңбектері ескеріліп, әртістер әулетіне жеті жыл бұрын Астана әкімдігі пәтер берді. Шыңғыс пен Әйгерім көп уақытты гастрольдерде өткізеді. Осыған дейін Қытай, басқа да елдерді аралады. Бұл әулет өнерде табыссыз емес. Шыңғыс – Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты. Екеуі көптеген халықаралық және республикалық фестивальдер мен байқауларда топ жарды. Соның бірі – «Шабыт» шығармашылық жастардың халықаралық фестивалі.



МӨРТАҢБАСЫН ТАБЫСТАДЫ

Астанадағы Мұстафа Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясында Мұстафа Шоқайдың мұрасы, тұлғаның өзі пайдаланған үш дана мөртаңбасының түпнұсқасын салтанатты түрде мектеп музейіне тапсыру іс-шарасы өтті.

Мұстафа Шоқайдың мөртаңбаларын салтанатты тапсыру шарасына «Мұстафа Шоқай» зерттеу еңбегінің авторы, Түркия мемлекетінің Мимар Синан көркемөнер университетінің профессоры, шоқайтанушы Әбдіуақп Қара, қоғам қайраткері Әбдіжәлел Бәкір, Мұстафа Шоқай ұрпақтары, Ұлттық музей, Ұлттық кітапхана қызметкерлері, зерттеуші ғалымдар, білім беру саласының өкілдері қатысты.

Мұстафа Шоқай 1939 жылға дейін құжаттарына өз қолымен мөрін басқан. Мұнда оның аты-жөні және тұрғылықты мекенжайы француз тілінде жазылған. Бұл мөрді негізі Мұстафа атамның аяулы жары Мария Шоқай өзінің рухани ұлы Әлім Алматыға тапсырады. Кейін Әлім Алматы бүкіл түркі әлемінің тарихи тұлғасына айналған біртуар азаматтың еңбектерін зерттеушілердің ішінен саяси ғылымдар докторы, мұстафатанушы Бахыт

Садықованы таңдап алады, – деді Мұстафа Шоқайдың ұрпағы Гүлбаршын Зайырова.

Түркістанның тұтастығы мен тәуелсіздігі идеясы үшін талмай күрескен ұлт қайраткерінің жасаған еңбегі, атқарған ісі ұшан-теңіз.

Мұстафа Шоқайдың ұрпағы Гүлбаршын Зайырова мөртаңбаның түпнұсқасын салтанатты түрде Мұстафа Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясының директоры Данара Джумартоваға табыстады.

«Мен қашанда жан-тәніммен сенімен біргемін» атты көрмеде бұрын-соңды ешбір ақпарат көздерінде жарық көрмеген Мұстафа Шоқайдың жары Мария Яковлевна Горинамен өмір деректерінен сыр шертетін фотосуреттер шығарылды. Іс-шара бағдарламасына сай «Музей сыры» әдеби-музыкалық композициясы қойылып, интерактивті алаңдар жұмысы көрсетілді.



АҚБӨКЕН ТУРАЛЫ АЛЬБОМ

Елордада киіктер туралы алғашқы ғылыми-танымдық мәліметтерді қамтитын AQBOKEN Saiga tatarica фотоальбомының тұсаукесері өтті.

Сарапшылардың айтуынша, Қазақстанда киік туралы толыққанды ақпаратты қамтитын, әсіресе қазақ тілінде жарық көрген ғылыми-танымдық әдебиеттер жоқтың қасы. Киік туралы зерттеулер негізінде дайындалған «Сайгак в Казахстане» кітабы 1982 жылы шыққан.

Фотоальбом шығару бастамасын техника ғылымдарының докторы Қайыргелді Қабылдин көтерген. Оның айтуынша, бүгінгі ұрпақтың, қазіргі қоғамның ақбөкен туралы білетін мағлұматы мардымсыз.

Басым көпшілігі ақбөкен жаппай қырылған кездегі мақалалар мен телесюжеттерді, браконьерлікке байланысты жаңалықтарды ғана көрген.

«AQBOKEN Saiga tatarica фотоальбомы ең алдымен, осы олқылықтың орнын толтыруды мақсат тұтады. Онда фотосуреттерге басымдық беріліп, ғылыми-танымдық мәліметтер қысқа да нұсқа баян түрінде ұсынылған. Ақбөкеннің шығу тегі, ежелгі һәм қазіргі таралу географиясы, биологиялық ерекшеліктері, экожүйедегі орны және қазіргі төніп тұрған сын-қатерлер сияқты тақырыптар қамтылған» деді Қайыргелді Қабылдин.



Фотоальбомға оннан астам отандық және шетелдік фотографтың жылдың түрлі маусымында түсірген 100-ден аса фотосуреті енгізілген.

– Шын мәнінде, бұл жоба дер кезінде, дәл уақытында қолға алынып, жарық көріп отыр. Мұнда біз ақбөкендердің санын сақтау және қалпына келтіру үшін қандай күш-жігер жұмсалғанын атап өтуіміз керек. Фотоальбом ел тарихының бір бөлігі болады деп ойлаймын, – деді Қазақстан биосаналуандықты сақтау қауымдастығының директоры Вера Воронова.

Астанада Жақсылық Үшкөмпіровті еске алуға арналған грек-рим күресінен халықаралық турнир аяқталды. Қазақстан құрамасы 6 алтын, 5 күміс, 14 қола иеленіп, жалпы командалық есепте бірінші орынға ие болды.

ЖАҚСЫЛЫҚ ҮШКӨМПІРОВ ЖАРЫСЫ

Халықаралық турнирге Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Әзербайжан және Израиль және Қазақстаннан 164 спортшысы қатысып, балуандар 3 күн бойы 10 салмақ дәрежесінде бақ сынады.

Сайыстың соңғы күні бес салмақ дәрежесінде балуандар сынға түсті. 60 келіде әзербайжандық Илкин Гурбанов дараланды. Екінші-үшінші орынды қазақстандық балуандар Сайфулла Құрман, Диас Нұрақов, Дәулет Фрунзиев өзара бөлісті.

67 келіде тағы бір Әзербайжан балуаны Канан Абдуллазаде бірінші орын алды. Қазақстан намысын қорғаған Мұхтархан Сахан екінші орын алды. Тавакүл Хазиев (Әзербайжан), Азиз Гассимов (Қазақстан) үшінші тұғырдан көрінді.

77 келіде бірінші орынды Олжас Ерғали (Қазақстан), екінші орынды Ерлан Марсуулы (Қырғызстан), үшінші орынды Әділ Мусаев (Әзербайжан), Раван Нуриев (Әзербайжан) алды.

87 келіде Қазақстан өкілі Нұрасыл Аманалы (Қазақстан) бағы үстем болса, күміс медальға Али Гулиев (Әзербайжан) ие болды. Қола медаль Бағлан Қуаныш (Қазақстан) пен Әтибар Рзаевға (Әзербайжан) бұйырды.

130 келідегі алыптар бөсекесінде Жохар Узаров (Қазақстан) барлық қарсыластарынан басым



болды. Екінші орын Мазаим Мардановға (Әзербайжан) бұйырса, үшінші сатыға Асар Амиров (Қазақстан) пен Ақарыс Бердашов (Қазақстан) тұрақтады.

Турнир Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің, Астана қаласы әкімдігінің және ҚР Грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының қолдауымен ұйымдастырылды.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №59

Баспаханасы: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлшат САПАРҚЫЗЫ